

“Тәуелсіздік ұрпақтары”

Патриоттық акт

"Менің туым, менің Елтаңбам, менің Әнұраным! Мен үшін бұл қалыптасқан Қазақстанды бейнелейтін киелі нышандар!".

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың бұл сөздері әрбір патриоттың сезімін дәлірек білдіреді. Бұл Отанымыз, отбасымыз, жақындарымыз және достарымыз туралы әрдайым еске салатын қасиетті нышандар.

Сондықтан, біз, Қазақстан жастары, ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығы аясында нышандарға қарап, кеудемізді Отанға деген зор мақтаныш кернейді.

Бізге әділетсіздік пен қақтығысқа төзбейтін қоғамда, бабаларымыз ғұмыр кешіп, болашақ ұрпағымыз мың жасайтын жерде, шаңырағымыз көтерілген, жақындарымыз тұратын тәуелсіз Қазақстанда дүниеге келу, өмір сүру және жасампаз болу бақыты бұйырды.

Біз ұлы еліміздің тағдыры ретінде болашақ ұрпақ алдындағы өзіміздің тарихи жауапкершілігімізді сезінеміз және еліміздің барлық патриоттарын осыған шақырамыз. Патриотизм – бұл жай ғана үндеулер мен сөздер емес, қоршаған ортаны жақсарту және елді нығайтуға бағытталған қарапайым және түсінікті іс-әрекеттер екеніне кәміл сенімдіміз.

Бүгін - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері күні - осы патриоттық актіні қабылдай отырып, оның қасиетті құндылығын көзіміздің қарашығындай сақтап, ұлықтайтын боламыз. Көк туымыздың желбіреуінен тарихтың өткенінен ғана емес, болашақ жеңістері бен спорт ареналарындағы бағындырар белестерді, экономикадағы серпілістер мен табыстарды, саясаттағы жетістіктерді көреміз.

Ендеше, ұлтымыздың ұлы болашағын бейнелейтін Даңқ шыңында Туымыз, Елтаңбамыз бен Әнұранымыз әрдайым қалықтай берсін!